



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



**Бекітілді**

«Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
Директорлар Кеңесінің шешімімен  
Хаттама №7, 24 тамыз 2021 ж.

«Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ  
КРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Атырау - 2021 ж.



## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Басқарма Төрағасы – ректорының және Басқарма мүшелерінің КРІ туралы Ереже (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1183 қаулысымен бекітілген «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережеге» сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **Қоғам** – «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) **басшы қызметкерлер** – Басқарма төрағасы-Ректор, Қоғам Басқармасының мүшелері;

3) **сыйлықақы беру** – Қоғам Басқарма Төрағасы-ректорының және Басқарма мүшелерінің еңбегінің тиімділігін ынталандыруға арналған сыйақы;

4) **қызметтің түйінді көрсеткіштері (индикаторлары) (бұдан әрі – КРІ)** – Қоғамның, Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің қызметі тиімділігінің деңгейін сипаттайтын, олардың қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер. КРІ қоғамның даму стратегиясының және/немесе даму жоспарының құрамында Қоғам үшін бекітілетін не Қоғамның әрбір қызметкері үшін сараланған түрде бекітілетін және олардың жоспарланатын және есепті кезеңдердегі қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін сандық және сапалық мәнге ие;

5) **корпоративтік КРІ** – Қоғам жұмысының нәтижелері үшін сыйлықақы мөлшерін айқындайтын және Басқарманың барлық мүшелері үшін бірыңғай болып табылатын КРІ түрі;

6) **функционалдық КРІ** – әрбір басшы қызметкер үшін сараланған түрде белгіленетін және оның жұмысының нәтижесі үшін сыйлықақы мөлшерін айқындайтын КРІ түрі;

7) **табалдырық (төменгі мәні)** – қызмет нәтижесінен ең аз күтуді сипаттайтын, лауазымдық міндеттерін адал орындаған жағдайда жоғары ықтималдықпен қол жеткізуге болатын, әдетте жоспарланатын жылдың алдындағы жылдағы КРІ мәніне сәйкес келетін КРІ мәні;

8) **мақсат** – қызметтің жоғары нәтижелерінің күтілетін деңгейін сипаттайтын КРІ мәні;

9) **үлес салмағы** – осы көрсеткіштің басқа көрсеткіштерге қатысты маңыздылығын, басымдылығын айқындайтын коэффициент;

10) **факт** – қызметтің нақты нәтижелерін сипаттайтын КРІ мәні;

11) **КРІ бойынша нәтижелілік** – КРІ нысаналы мәндеріне қол жеткізу дәрежесін айқындайтын шама;

12) **сауықтыруға арналған жәрдемақы** – басшы қызметкерлерге және бас бухгалтерге жыл сайынғы еңбек демалысына төленетін төлемдер.

13) **жылдық сыйлықақы** – қол жеткізілген жетістіктерді материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Қоғамның басшы қызметкерлеріне жұмыс нәтижелеріне қарай жылына бір рет төленетін бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы. Жылдық сыйлықақы тұрақты сипатта болмайды.


1.3. Ереже келесі қағидаттарды негізге ала отырып, Қоғам Басқармасының мүшелеріне сыйлықақы төлеу шарттары мен тәртібін белгілейді:

1) сыйлықтың Қоғам мен оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сай келетін міндеттерді орындаумен өзара байланысы;

2) сыйлық мөлшерін анықтау принциптерінің қарапайымдылығы мен ашықтығы.

1.4. Қоғамның Басқарма мүшелеріне мыналар жатады:



|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  <b>ATYRAU<br/>UNIVERSITY</b> | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ   | Бірінші басылым |
|   | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының және Басқарма мүшелерінің КРІ туралы Ереже | 3 бет 8-ден     |

1) Басқарма Төрағасы-Ректор;  
2) Директорлар кеңесі сайлаған/Қоғамның Жалғыз акционері Басқарма құрамына тағайындаған тұлғалар.

1.4. Қоғамның басшы қызметкерлеріне сыйлықақы беру Қоғамның ағымдағы қаржы жылына арналған Даму жоспарында еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

1.5. Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлық алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен жасалатын еңбек шартында көрсетіледі.

## 2. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙЛЫҚАҚЫ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚАҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ

2.1. Қоғам Басқармасының мүшелері үшін жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы (жылдық сыйлықақы) белгіленеді.

2.2. Қоғам Басқармасы мүшелерінің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшейту үшін жылдық сыйлықақы төленеді.

2.3. Жылдық сыйлықақыны алу құқығы есепті жыл үшін КРІ бекітілген Қоғам Басқармасының сайланған / тағайындалған мүшелеріне беріледі.

2.4. Қызметті бағалау нәтижелері бойынша жылдық сыйлықақылар Басқарма мүшелеріне келесі жағдайда төлінбейді:

1) қаржы жылының қорытындысы бойынша оң қаржылық нәтиже болмаған жағдайда (Басқарма Төрағасы-ректордың және Басқарма мүшесі – бас бухгалтердің қызметін бағалау кезінде);

2) жыл қорытындысы бойынша жекелеген КРІ шекті мәндерін орындамауы;

3) Қоғамның КРІ орындаудың қорытынды нәтижелілігі – 50% - ден кем болғанда (қоса алғанда);

4) есепті жылы алынбаған тәртіптік жазасы болған жағдайда; *(өзгеріс Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілді 30.10.2022 жылғы № 6 хаттама)*

*5 тармақша 14.07.2023 жылғы № 6 хаттама директорлар Кеңесінің отырысының шешімімен алынып тасталды.*

6) есепті жылы 6 (алты) айдан кем нақты жұмыс істеген уақыт кезінде.

2.5. Қоғам Басқармасы мүшелерінің жылдық сыйлықақысының мөлшерін Директорлар кеңесі олардың қызметін жеке бағалау негізінде айқындайды және Даму жоспарын орындаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне (КРІ) байланысты болады.

2.6. Есепті жылғы қызметті бағалау нәтижелері бойынша Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақы берудің шекті мөлшері 6 лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс.

2.7. Қоғам Басқармасы мүшелерінің жылдық сыйлықақылары аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіпшен бекітілгеннен кейін жұмыс істеген кезеңдегі қаржы жылының нәтижелері бойынша төленеді.

2.8. Сондай-ақ, Қоғам Басқармасының мүшелеріне жылдық сыйлықақы беру Директорлар Кеңесі бекіткен «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауы, Басқарманың, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ережесінде айқындалған Қоғам Басқармасының жалпы бағалауы негізінде және осы Ережемен айқындалған КРІ-ге қол жеткізу Басқарма мүшелерін жеке бағалау негізінде жүзеге асырылады.

2.9. Қоғам Басқармасының мүшелеріне жылдық сыйлықақы төлеу Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.





### 3. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

3.1. Қоғам мен оның Басқармасы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі Даму стратегиясына және/немесе Қоғамның Даму жоспарына сүйене отырып бекітілетін КРІ жүйесі болып табылады. Жалғыз акционер жазбаша хабарлама арқылы Қоғамның Даму стратегиясына және/немесе Даму жоспарына сәйкес стратегиялық бағдарлар мен КРІ бойынша өз үміттерін білдіреді.

3.2. КРІ-ге қол жеткізу мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын әзірлейді.

3.3. Жыл сайын Қоғамның КРІ жетістіктерін бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды атқаратын лауазымынан мерзімінен бұрын шеттету үшін негіздердің бірі болып табылады.

3.4. Басқарма төрағасы-Ректор мен Басқарма мүшелерін жыл сайын Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған КРІ-ге қол жеткізу болып табылады.

3.5. Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің КРІ-н Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Даму стратегиясына және/немесе Даму жоспарына сүйене отырып бекітеді. Басқарма мүшелерінің КРІ бөлігіндегі ұсыныстарды Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

3.6. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

3.7. Басқарма мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) КРІ анықтамасы;
- 2) КРІ бекіту;
- 3) қажет болған кезде нысаналы мәндерді түзету;
- 4) нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

3.8. Басшы қызметкерлердің КРІ нақты көрсеткіштерге Қоғамның стратегиялық мақсаттарын каскадтау арқылы нысаналы мәндері бар КРІ картасы (1-қосымша) түрінде әзірленеді.

3.9. Басқарма мүшелерінің КРІ бөлігіндегі ұсыныстарды Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

3.10. Корпоративтік хатшы Басқарма мүшелерінің КРІ-н белгіленген тәртіппен Қоғамның директорлар Кеңесіне бекітуге береді.


3.11. Есепті кезеңнің аяқталу қорытындылары бойынша Басқарма мүшелері КРІ карталарын нақты мәндерімен (2-қосымша) толтырады және оларды Корпоративтік хатшыға береді.

3.12. Корпоративтік хатшы нақты көрсеткіштердің дұрыстығын тексеруді ұйымдастырады және Қоғамның қаржы қызметінің басшысымен бірлесіп КРІ нақты мәнін нәтижелілік пайызына аударады. Қоғамның қаржы қызметінің басшысы әдістеме бойынша сыйлықақы мөлшерін есептейді (Ереженің 4-бөлімі) және кейіннен Директорлар кеңесінің сыйлықақы төлеу/төлемеу туралы шешім қабылдауы үшін ұсынымдарды дайындайды.

3.13. Корпоративтік хатшы нақты мәні бар КРІ карталарын және жылдық сыйлықақы мөлшерінің есептерін белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.

3.14. КРІ-ді түзету көрсеткіштер бойынша нәтижелілікке айтарлықтай әсер ететін күтпеген жағдайлар туындағанда жүзеге асады, сондай-ақ:



|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  <b>ATYRAU UNIVERSITY</b> | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ   | Бірінші басылым |
|   | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» МеАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының және Басқарма мүшелерінің КРІ туралы Ереже | 5 бет 8-ден     |

- 1) Жаңа процестердің/қызмет бағыттарының пайда болуы/қолданыстағылардан бас тарту;
  - 2) Қоғамның стратегиялық Даму жоспарын елеулі түзету;
  - 3) Қоғамның ұйымдық құрылымының өзгеруі.
- 3.15. Басқарма мүшелерінің КРІ есепті жылдың 1 қыркүйегінен кейін түзетілмейді.

#### 4. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША СЫЙЛЫҚАҚЫ МӨЛШЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

4.1. Қызметті бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақы мөлшері мынадай тәртіппен есептеледі:

4.1.1. Қызметті бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақының базалық мөлшері (В) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$B = O_{\text{год}} * P_p$$

$O_{\text{год}}$  – Басқарма мүшесінің есепті кезеңде нақты жұмыс істеген уақыты үшін лауазымдық жалақысының жылдық сомасы;

$P_p$  – сыйлықақының ең жоғары мөлшерінің жылдық лауазымдық жалақы сомасына қатынасы ретінде есептелетін сыйлықақының шекті мөлшерінің коэффициенті.

4.1.2. Қоғам жұмысының нәтижелілігі үшін сыйлықақы мөлшері ( $B_k$ ) мына формула бойынша есептеледі:

$$B_k = B * D_k * K_1$$

$B$  – сыйлықақының базалық мөлшері;

$D_k$  – корпоративтік КРІ орындағаны үшін сыйлықақы үлесі;

$K_1$  – Басқарма мүшесінің корпоративтік КРІ бойынша қорытынды нәтижелілігіне байланысты коэффициент.

4.1.3. Басқарма мүшесінің нәтижелілігі үшін сыйлықақы мөлшері ( $B_p$ ) мына формула бойынша есептеледі:

$$B_p = B * D_{\phi} * K_2$$

$B$  – сыйлықақының базалық мөлшері;

$D_{\phi}$  – функционалдық КРІ орындағаны үшін сыйлықақы үлесі;


$K_2$  – Басқарма мүшесінің функционалдық КРІ бойынша қорытынды нәтижелілігіне байланысты коэффициент.

4.1.4. Корпоративтік және функционалдық КРІ орындағаны үшін сыйлықақы үлесі лауазымның қоғамның стратегиялық мақсаттарын орындауға әсер ету дәрежесіне сәйкес лауазымдар деңгейіне байланысты болады және 1-кестеге сәйкес есептеледі.

Кесте 1

| Лауазымның атауы         | Корпоративтік КРІ | Функционалдық КРІ |
|--------------------------|-------------------|-------------------|
| Басқарма Төрағасы-Ректор | 70%               | 30%               |
| Басқарма мүшелері        | 30%               | 70%               |



|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  <b>ATYRAU UNIVERSITY</b> | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚоАҚ   | Бірінші басылым |
|   | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚоАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының және Басқарма мүшелерінің КРІ туралы Ереже | 6 бет 8-ден     |

4.1.5. Сыйлықақының қорытынды мөлшері ( $V_{\text{Год}}$ ) Қоғам жұмысының нәтижелілігі үшін сыйлықақы ( $V_k$ ) және Басқарма мүшесінің нәтижелілігі үшін сыйлықақы ( $V_p$ ) сомасы ретінде есептеледі:

$$V_{\text{Год}} = V_k + V_p$$

4.1.6. Басқарма мүшесінің нәтижелілігін бағалау 2-кестеде келтірілген сызба бойынша есептеледі.

| КРІ нақты мәні                    | Кесте 2<br>КРІ бойынша нәтижелілік, %                          |
|-----------------------------------|--|
| Төменгі мәнінен аз                | 0  |
| Төменгі мәніне тең                | 75   |
| Төменгі мәнімен мақсат аралығында | (Нақты көрсеткіш – Төменгі мәні/Мақсат – Төменгі мәні)*25 + 75 |
| Мақсатқа тең                      | 100  |

4.1.7. КРІ барлық түрлері бойынша қорытынды нәтижелілік мына формула бойынша анықталады:

$$\sum_{i=1}^n \text{КРІ}_i * \text{вес КРІ}_i$$

n – КРІ саны;


i – КРІ рет саны.

## 5. БАСҚА ШАРТТАР

5.1. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

5.2. Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.



|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  <b>ATYRAU UNIVERSITY</b> | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ   | Бірінші басылым |
|   | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының және Басқарма мүшелерінің КРІ туралы Ереже | 7 бет 8-ден     |

Қосымша 1

Мақсатты мәндері бар КРІ картасы

Лауазымдың атауы \_\_\_\_\_


|                          | КРІ атауы | Өлшем бірлігі | 2021 г.      |        | 2022 г.      |        | 2023 г.      |        | 2024 г.      |        | Үлес салмағы, % |
|--------------------------|-----------|---------------|--------------|--------|--------------|--------|--------------|--------|--------------|--------|-----------------|
|                          |           |               | Төменгі мәні | мақсат | Төменгі мәні | мақсат | Төменгі мәні | мақсат | Төменгі мәні | мақсат |                 |
| <b>Корпоративтік КРІ</b> |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
| 1                        |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
| 2                        |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
| ...                      |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
|                          |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        | 100%            |
| <b>Функционалдық КРІ</b> |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
| 1                        |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
| 2                        |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
| ...                      |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        |                 |
|                          |           |               |              |        |              |        |              |        |              |        | 100%            |

Келісілді

| № | Директорлар Кеңесінің Комитеті | Комитет мүшелері | Қолы, күні |
|---|--------------------------------|------------------|------------|
|   |                                |                  |            |
|   |                                |                  |            |
|   |                                |                  |            |

Толтыру күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.  
 \_\_\_\_\_ (КОЛЫ, Ә.А.А.Ж)



|   |  |                 |
|---|--|-----------------|
|  <b>ATYRAU UNIVERSITY</b> | «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ   | Бірінші басылым |
|   | «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Басқарма Тарағасы-ректорының және Басқарма мүшелерінің КРІ туралы Ереже | 8 бет 8-ден     |

Қосымша 2

Нақты мәндері бар КРІ картасы

Лауазымдын атауы \_\_\_\_\_

| КРІ атауы         | Өлшем бірлігі | 2021 г.    |               | 2022 г.    |               | 2023 г.    |               | 2024 г.    |               | Үлес салмағы, % |
|-------------------|---------------|------------|---------------|------------|---------------|------------|---------------|------------|---------------|-----------------|
|                   |               | Нақты мәні | нәтижелілік % | Нақты мәні | нәтижелілік % | Нақты мәні | нәтижелілік % | Нақты мәні | нәтижелілік % |                 |
| Корпоративтік КРІ |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
| 1                 |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
| 2                 |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
| ...               |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
|                   |               |            |               |            |               |            |               |            |               | 100%            |
| Функционалдық КРІ |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
| 1                 |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
| 2                 |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
| ...               |               |            |               |            |               |            |               |            |               |                 |
|                   |               |            |               |            |               |            |               |            |               | 100%            |

Келісілді

| № | Директорлар Кеңесінің Комитеті | Комитет мүшелері | Қолы, күні |
|---|--------------------------------|------------------|------------|
|   |                                |                  |            |
|   |                                |                  |            |
|   |                                |                  |            |

Толтыру күні « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.  
 \_\_\_\_\_ (қолы, Ә.А.А.Ж)

